АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ

ХАТТАМАСЫ № 1

Күні: «16» қыркүйек 2024 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Іс-шара тақырыбы: «Консультативтік пункт жұмысы туралы ақпарат»
Жауапты: меңгеруші
Күн тәртібі:
1.Консультативтік пункттің жұмыс мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат беру.
2.«Балабақшадағы бейімделу: балаға қалай көмектесеміз?» тақырыбында кеңес беру.
3.Ата-аналардың сұраныстары бойынша жеке жұмыс жүргізу.
Тыңдалды:
Меңгеруші ата-аналарға балабақша жанындағы Консультативтік пункттің жұмыс мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат берді. Пункттің негізгі мақсаты — мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға баланың дамуы, тәрбиесі, денсаулығы және психологиялық жағдайы бойынша педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету екендігі түсіндірілді.
Ата-аналарға Консультативтік пункт мамандарына баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселелер бойынша жүгінуге болатындығы, қажет болған жағдайда жеке кеңестер ұйымдастырылатыны айтылды.
Педагог-психолог «Балабақшадағы бейімделу: балаға қалай көмектесеміз?» тақырыбында кеңес берді. Баланың жаңа ортаға бейімделу кезеңінде ата-ананың сабырлы қарым-қатынасы, қолдауы және балабақша туралы жағымды пікір қалыптастыруы маңызды екендігі түсіндірілді.
Ата-аналарға баланың күн тәртібін біртіндеп балабақша режиміне сәйкестендіру, баламен күн сайын сөйлесу және оның сезімдерін тыңдау ұсынылды.
Ата-аналардың жеке сұраныстары бойынша Консультативтік пункт мамандары жеке кеңестер жүргізді.



Ата-аналарға ұсыныстар:
Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде түсіністікпен қарау;
Баланы балабақшаға баруға жағымды көңіл күймен дайындау;
Баланың күн тәртібін сақтау;
Баланың сезімін тыңдап, қолдау көрсету;
Қажет болған жағдайда Консультативтік пункт мамандарына жүгіну.
Қаулы:
1.Консультативтік пункттің жұмысы ата-аналар арасында жүйелі түрде насихатталсын.
2.Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсін.
3.Ата-аналардың жеке сұраныстары бойынша кеңес беру жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты: Меңгеруші: Н.Джубаниязова

Хатшы: Педагог-психолог: А.Сихова